



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕБАТТАР НАҚТЫ ҰСЫНЫС АЛАҢЫ БОЛУЫ ТИІС



Қазақстан үшін биылғы саяси науқанның орны бөлек. 23 тамызда ел тарихында тұңғыш рет жаңа бір палаталы заң шығарушы орган – Құрылтай депутаттарының сайлауы өтеді. Бұл – жай ғана кезекті сайлау емес. Жаңа саяси жүйенің алғашқы қадамы, жаңа институттың қоғам алдындағы алғашқы сынағы. Сондықтан бүгінгі басты сұрақ «қай партия жеңеді?» дегеннен гөрі, «Құрылтайға қандай депутаттар баруы керек?» деген сауалға келіп тіреледі.

(Жалғасы 3-бетте)



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Олжас Отар,
Мемлекеттік кірістер органының үздігі:

«ҚАРЫЗДЫҢ БОЛУЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ НАШАР ЕКЕНІН БІЛДІРМЕЙДІ»

Салық саласындағы өзгерістер әрбір азамат пен кәсіпкердің қаржылық міндетіне тікелей әсер етеді. Сондықтан заңнамадағы жаңашылдықтарды түсіну, салық төлеу кезінде жиі жіберілетін қателіктерді білу кез келген азамат үшін маңызды. Салыққа байланысты құқықтық өзгерістерді Мемлекеттік кірістер органының, Мәдениет саласының үздігі, Үздік мемлекеттік қызметші және Қаржы қызметінің үздігі Отар Олжас Асангелдіұлынан сұраған едік.

– Жаңа Салық кодексі не үшін қабылданды? Оның басты жаңашылдығы қандай?
– Салық кодексінің қабылдануы бизнес өкілдері үшін де, мемлекет үшін де өте маңызды. Онда кәсіпкерлерге көптеген жеңілдік қарастырылған. Сонымен қатар оның негізгі мақсатының бірі – көлденкей экономиканы азайтып, экономикалық қатынастарды ашық жүргізуге жағдай жасау және салық салудағы тепе-теңдік қағидасын сақтау. Құжаттағы басты ерекшеліктің бірі – корпоративтік табыс салығы, жеке табыс салығы және қосылған құн салығы бойынша салық салудың сараланған тәсілдерінің қарастырылуында. Яғни, табысы жоғары болған сайын салық мөлшері де соған сәйкес белгіленеді. Сол секілді жоғары жалақы алатын азаматтарға қатысты да тиісті салықтық тетік қарастырылған. Мұның барлығы салық жүктемесін әділ бөлуге бағытталған.

Кодекстегі тағы бір маңызды жаңалық өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға қатысты. Егер азаматтың табысы белгіленген шектен аспаса, ол салық есептілігін тапсырмайды және ай сайын жеке табыс салығын төлемей-

ді. Оның орнына 4 пайыз мөлшерінде әлеуметтік төлем, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы мен зейнетақы қорына тиісті аударымдар жүргізіледі. Бұл да жаңа Салық кодексіндегі маңызды өзгерістің бірі.
– Кодекстегі өзгерістер ең алдымен қай санаттағы азаматтарға әсер етеді?
– Салық кодексіндегі өзгерістер, ең алдымен, бизнес өкілдерінің өз кәсібін дұрыс әрі заң талабына сай жүргізуіне оң ықпалын тигізеді. Біздің елімізде кәсіпкерлердің басым бөлігі заңды бұзбай, барлық талаптарды сақтай отырып жұмыс істеуге тырысады. Жалпы, жаңа құжатты әзірлеу барысында бизнес өкілдерінің пікірі ескерілді. Бұл жұмысқа «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйымдар және басқа да мүдделі тараптар қатысты. Түрлі ұсыныстар мен пікірлер ортаға салынып, ортақ шешімдер нәтижесінде жаңа Салық кодексі әзірленді.
– Салық төлеушілер заң талаптарын орындау кезінде қандай қателіктерге жол береді?
– Салық төлеушілер арасында жиі кездесетін қателіктің бірі – са-



лық есептілігін уақытында тапсырмау немесе оны қате толтыру. Мұндай жағдайлар кәсіпкерлер арасында да, бухгалтерлер жұмысында да жиі кездеседі. Салық заңнамасына енгізілген өзгерістер туралы Мемлекеттік кірістер органының ресми сайттарында, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында үнемі ақпарат жарияланады. Жаңашылдықтар, есептілікті тапсыру мерзімі, салық төлеу тәртібі және басқа да маңызды мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Алайда кейбір кәсіпкерлер мен бухгалтерлер бұл ақпараттарды жүйелі түрде қадағалап отырмайды. Соның салдарынан есептілікті кешіктіру, дұрыс толтырмау немесе заңнамадағы өзгерістерді ескермеу секілді қателіктер орын

алады. Мәселен, кәсіппен айналысу мақсатында жеке кәсіпкерлік немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік ашқан азаматтардың кейбірі белгілі бір кезеңде ешқандай табыс таппауы мүмкін. Мұндай жағдайда бұрын нөлдік декларация тапсыру қажет болатын. Кейде кәсіпкерлер оны ұмытып кететін немесе белгіленген мерзімде тапсырмай қалатын. Бұрын мұндай жағдай алғаш рет орын алса, ескерту берілетін. Ал бір жылдың ішінде есептілікті қайтадан тапсырмай қалған жағдайда айыппұл қарастырылатын. Жаңа Салық кодексінде осы мәселеге қатысты да өзгеріс бар. Егер кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның есепті кезеңде табысы болмаса және тиісті есептілік тапсырылмаса, ол белгілі бір жағдайларда

автоматты түрде тапсырылған болып есептеледі. Бұл өзгеріс кәсіпкерлерге түсетін әкімшілік жүктемені азайтуға және табысы жоқ кезеңде формалды талаптарды орындамағаны үшін жауапкершілікке тартылу тәуекелін төмендетуге бағытталған.

– Жаңа кодексте кәсіпкерлер үшін қандай нақты мүмкіндіктер қарастырылған?
– Оңайлатылған декларация негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін бірқатар мүмкіндік бар. Бұл режим бойынша арнайы тізімге енгізілген қызмет түрлерімен айналысатын кәсіпкерлер жұмыс істей алады. Мұндай кәсіпкерлер қосылған құн салығын төлеуші болуға міндетті емес. Сонымен қатар жылдық айналымы белгіленген шектен аспайтын кәсіпкерлер осы режим аясында жұмысын жалғастыра алады. 2026 жылы бұл көрсеткіш 600 мың айлық есептік көрсеткішке дейін, яғни шамамен 2 млрд 595 млн теңгеге дейінгі айналымды қамтиды. Бұл, әсіресе, шағын және орта бизнес үшін үлкен қолдау деп айтуға болады. Оңайлатылған декларация негізінде жұмыс істейтін кәсіпкерлер 4 пайыз мөлшерінде салық төлейді. Сонымен бірге жергілікті мәслихаттардың шешімімен бұл мөлшерлемені 50 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік бар. Мәселен, Алматы облысының Қарасай ауданында және бірқатар басқа аудандарда кәсіпкерлер 2 пайыз мөлшерінде ғана салық төлейді. Бұл жергілікті деңгейде бизнесті қолдауға бағытталған маңызды тетік.

(Жалғасы 5-бетте)

3-БЕТ



Шымкент: цифрлы қаладан ақылды қалаға дейін

6-БЕТ



Түркі әлемін өркендетудегі өзекті бағыттар

8-БЕТ



Ала жіп

МІНБЕР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлықтың залалы орасан. Жемқорлықтың орын алуы мемлекеттің экономикалық дамуын төжейді. Жеңұшынан жалғасқан жерде қазына қаржысы мақсатсыз, орынсыз жұмсалатындықтан, халықтың билікке деген сенімі төмендейді. Сыбайлас жемқорлықтың тамыр жаюы әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді, білім, денсаулық сақтау сияқты маңызды салалардағы қызмет көрсету сапасын нашарлатады. Күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлықпен бетпе-бет келгендіктен, азаматтардың әлеуметтік әділдікке деген көзқарасы өзгереді. Мұның соңы ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіріп, билік пен қарапайым халық арасындағы байланыстың алшақтауына алып келеді. Ал ашық диалогтың болмауы, азаматтардың ертеңгі күнге, ел болашағына деген сенімінің сөтінеуі мемлекеттің әлемдік ортадағы беделін түсіріп, халықаралық байланыстардың шектелуіне алып келеді. Міне, сондықтан да елдің ертеңін, халықтың өсіп-өркендегенін қалаған кез келген мемлекет сыбайлас жемқорлықпен күреске басты стратегиялық бағыт ретінде қарайды.

1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды қабылдағанда да Қазақстан кеңестер одағының шекпенінен шыққан елдерге өзінің биік ұстанымымен үлгі бола білген еді.

Одан бөлек, Мемлекет басшысы жыл сайынғы жолдауларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалатын іс-шаралардың нақты тетіктерін белгілеп, жегікүртпен күрестегі құзырлы органдардың функциялары мен міндеттерін нақтылап берді. Ел Үкіметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдамаларында да кеселдің алдын алып, әр саланы сыбайластықтан таза ұстауда орны бөлек.

Заман алға жылжып, қоғам дамыған сайын заңдардың да жаңғырып, жаңартылып отыруы қалыпты үрдіс. 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заңның қабылдануы да осы заманауи талап-тілектің өзгеруімен сабақтас. Бұл заңның қолданысқа енгізілуі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әдіс-тәсілдерді түбегейлі жаңартуымен құнды болды. Осы

құжатта жемқорлықтың алдын алуға, жегікүртқа қарсы нөлдік төзімділік қалыптастыруға, кеселмен кешенді түрде бірігіп күресуге негіз қаланды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар қазақстандық сотта да басты орында тұр. Мемлекеттегі әділдік пен заңдылықтың кепілі болғандықтан, сот саласын жемқорлықтан биік, таза ұстау мақсатында қолға алынған стратегиялық бағдарламалар мен кешенді жоспарлардың нәтижесі де жоғары. Қазақстандық соттағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, кеселді жоюға бағытталған іс-шаралар бірнеше бағыт бойынша жүргізілетінін атап өту керек.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат сапалы жүзеге асуы үшін кадр таңдауға, салаға лайықты мамандардың дұрыс іріктелуіне мән беріледі. Судьялықтан үміткерлерге қойылатын талаптың тәуелсіздік алған жылдардан бері күшейтіліп, қатайтылып келе жатуының мәні осында. Сынақтың көптігі, талаптың жоғарылығы сот құрылымына тек маман-

дыққа шын берілген, судьялық жұмыстың қиындығына төзетін, сот беделін құрметтейтін жандардың келуіне септігін тигізеді.

Екіншіден, өркениетті елдердің тәжірибесі көрсеткендей сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қоюдың басты тетігі – ашықтық, жариялылық, қолжетімділікте. Сот қызметі барынша ашық, сот жұмысына байланысты ақпараттар көпшілікке қолжетімді, қызмет көрсету механизмі барша халыққа жеңіл, тез, түсінікті болған сайын таныс іздеп, жең ұшынан жалғасуға ұмтылатындар азаяды.

Үшіншіден, жаңа технология – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің заманауи құралы. Сот отырыстары 100% дыбыстық және бейнежазбаларды қолдану арқылы өткізіледі, бұл іс жүргізудің объективтілігін қамтамасыз етеді және сот процесінде судьялар мен азаматтарды тәртіпке келтіреді. Сонымен өатар азаматтар сотқа талап-арызын, ұсынысын, сауалын «Сот кабинеті» сервисі арқылы онлайн жолдайды. Адами факторды жаңа техно-

логияның алмастыруы да жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуда.

Төртіншіден, сотта азаматтық қоғамның белсенділігін арттырып, әлеуметтік бақылауды күшейтудің де жең ұшынан жалғасуға жол бермейтіні түсінікті. Соған орай сот ғимараттарында сенім жәшіктері орнатылып, сайттардағы арнайы телефон нөмірлеріне азаматтардың тікелей хабарласып, сот жұмысындағы кемшіліктерді ғана көрсетіп қоймай, сыбайлас жемқорлыққа қатысты деректерді де ашық бөлісуіне жағдай жасалған. Азаматтар өз пікірінің ескерілетінін, өз талабының тыңдалатынын білген соң сот қызметіне қатысты көзқарасын жасырмай айтады. Ал «Кеңескен істе кемшілік болмайды» демекші, көпшілік сынынан өткен жұмыстардың жақсы нәтиже берері еш күмән тудырмайды.

Бесіншіден, сыбайлас жемқорлықтың зиянын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның артықшылықтарын халыққа ұдайы түсіндіріп, құқықтық кеңес беріп отыру маңызды. Азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне куә болғанда үнсіз қалмауы, өзіне белгілі болған келеңсіздіктерді дер кезінде құзырлы органдарға хабрлағаны дұрыс. Бұл үшін мемлекет тарапынан қаржылай ынталандыру тетіктері де қарастырылған. Ең бастысы, азаматтар сыбайлас жемқорлық туралы фактінің шынайылығына көзін жеткізуі, жалған ақпарат беріп, адал азаматтардың қызметіне күмән туғызбауы керек. Жала жабудың да белгілі бір жауаптылық тудыратынын азаматтарға түсіндірген абзал.

Қазіргі уақытта барлық соттарда



Шынар ОСПАНОВА,
Үржар аудандық сотының
төрағасы
Абай облысы

процедуралық емес байланыстардың алдын алу үшін арнайы ереже әзірленген. Соған сәйкес аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары судьялар мен сот қызметкерлерінің сот отырысына қатысушылармен процедуралық емес байланыс орнатпауын қатаң қадағалайды. Осы саладағы жұмыстар үнемі талданып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ескеріліп, жүйелі мониторинг жүргізілуде. Сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және оларға қарсы күреске бағытталған әртүрлі қоғамдық іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады. Бұл сот жүйесіне деген қоғамдық сенімді нығайтуда маңызды рөл атқарады. Сыбайлас жемқорлықты жою үшін заңдарды қатаңдату, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, ашықтықты қамтамасыз ету және қоғамда «жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру қажет.

БЕЗБЕН

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ

Тіл – қай мемлекеттің болсын егемендігі мен тұтастығын айшықтайтын басты белгінің бірі. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының 9-бабында мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені анық шегеленген. Бұл норма сот жүйесінің де қызметінде негізгі бағдар болып табылады.

Бүгінгі сот реформасының мақсаты – халықтың сотқа деген сенімін арттыру және «Заң мен Тәртіп» қағидатын толыққанды жүзеге асыру. Ал бұл мақсатқа сот ісін жүргізу тілін заң талаптарына сай, сауатты да еркін қолданбайынша жету мүмкін емес.

Соңғы ресми статистикалық мәліметтер бойынша, Маңғыстау облысы халқының 92%-ға жуығын қазақтар құрайды. Біздің өңір Қазақстан бойынша Қызылорда, Атырау облыстарынан кейінгі қазақ ұлты өкілдері ең көп шоғырланған ТОП-3 аймақтың қатарына кіреді. Облыста мемлекеттік тілде жүргізілетін сот істерінің үлесі еліміз бойынша ең жоғары көрсеткіштердің біріне ие (орташа есеппен 85% – 90%-дан асады). Атап айтқанда, қылмыстық істердің 90–95%-ға жуығы мемлекеттік тілде қаралады. Әкімшілік құқық бұзушылық және ӘРПҚ істері орташа есеппен 85–90% шамасында қазақ тілінде өтеді. Азаматтық істер орташа есеппен 75–85% шамасын құрайды. Бұл әрине, көңіл қуантарлық жағдай.

2010–2012 жылдары облыстық соттың басшылығы тарапынан жергілікті және атқарушы билік органдарына жиі хат жолданып, басқосулар өткізіліп, өзара құжат алмасуы қатаң түрде мемлекеттік тілде жүргізу туралы ұсыныстар айтылған болатын. Бүгінде сол кездегі бастама өз жемісін беріп, құқық қорғау органдары (полиция, прокуратура, экономикалық тергеу департаменттері) дайындайтын хаттамалар мен айыптау

актілерінің басым бөлігі тікелей қазақ тілінде түсетіні қалыпты жағдайға айналғанын атап айтқа болады.

Судьялар мен сот қызметкерлерінің құжатты мемлекеттік тілде заңнамалық терминологияны сақтай отырып, жүйелі әрі түсінікті жазуы – азаматтардың заңды құқығын қорғаудың басты кепілі. Егер сот процесіне қатысушы азамат өз ойын, уәжін ана тілінде шектеусіз білдіре алса, бұл – сот төрелігінің ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз етеді. Азамат өзінің бұзылған құқығын қорғау үшін сотқа жүгінгенде, оның өз ана тілінде еркін сөйлеп, уәжін толық әрі дәл жеткізе алуы – ашық әрі әділ сот процесінің басты кепілі.

Сот төрелігін жүзеге асыруда тіл мәселесі – процесстік заңнаманы сақтаудың өзекті де жауапты аспектісі болып табылады. Қазақстан Республикасы

жайы ашық әрі жан-жақты зерттеледі. Тілдік кедергінің болмауы тараптардың сотқа деген сенімін арттырады.

Терминологиялық дәлдік. Заң тілі – өте ұқыптылықты, дәлдікті талап ететін сала. Мемлекеттік тілдегі заң терминдерінің бірізділігін сақтау, сот актілерінің мағыналық тұрғыдан бұрмаланбауын қадағалау – сот төрелігінің сапасын көтеретін басты фактор.

Ресми құжат айналымының сауаттылығы. Сот жүйесіндегі іс қағаздарын жүргізу – мемлекеттік аппараттың жалпы мәдениетін көрсететін айна. Құжаттың мемлекеттік тілде сауатты, заңнамалық нормаларға сай жазылуы сот билігінің беделін асырады.

Қазіргі таңда сот жүйесі цифрлық форматқа толық көшті. Мемлекеттік тілдегі заң терминдерінің бірізділігін сақтау, электронды жүйелердегі базаны қазақша толыққанды ақпаратпен қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыстар атқарылуда. «Сот кабинеті» сервисі мен жасанды интеллект элементтерін енгізу процесінде мемлекеттік тілдегі мәліметтер қорын байыту, онлайн-сот отырыстарын қазақ тілінде жоғары деңгейде өткізу өз нәтижесін беруде.

Алайда, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейту үшін сот қызметкерлерінің тілдік біліктілігін үздіксіз арттырып, заңнамалық актілердің қазақша түпнұсқаларының сапасын арттыруға баса мән беруіміз қажет. Әрбір судьяның шығарған сот актісі – заңдылықтың көрінісі. Сол себепті, сот шешімдерінің тілі қарапайым, логикалық тұрғыдан сауатты, заң терминдері дәл қолданылған болуы тиіс.

Мемлекеттік тілде сот төрелігін жүзеге асыру – тек заң талабы емес, бұл біздің мемлекеттілікті нығайтуға қосатын кәсіби де азаматтық үлесіміз. Сондықтан заң тілінің тазалығын сақтау – әділ сот төрелігінің ажырамас бөлігі.

Азат САПАРКУЛОВ,
Ақтау қаласы мамандандырылған
тергеу сотының судьясы

ҚҰРЫЛТАЙ

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді. Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады. Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді. Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Сайлау науқаны барысында жеті саяси партия өз бағдарламасын ұсынып, сайлаушыларға көзқарасын таныстырды. 13 шілдеде партиялар Орталық сайлау комиссиясына барлығы 546 кандидаттың тізімін ұсынған. Тіркеу қорытындысында 545 кандидат сайлауға қатысуға мүмкіндік алды. Демек, алда халықтың сеніміне ие болуға таласатын жүздеген үміткер бар. Олардың арасынан елдің заң шығарушы органына кімдер өтеді? Қоғам олардың бойынан қандай қасиет көруі тиіс? Бұл сұрақтың жауабын соңғы апталдағы теледебаттардан да іздеуге болады.

Сайлауалды пікірталастардың бас-ты мақсаты – партиялардың бағдарламасын салыстыруға, кандидаттардың ұстанымын білуге мүмкіндік беру. Осы тұрғыдан алғанда, теледебаттар қоғам үшін маңызды алаңға айналды. Алғашқы ұлттық теледебат 29 шілдеде өтті. Онда жеті партияның өкілдері өздерінің сайлауалды бағдарламаларын таныстырып, елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелері жөнінде пікір білдірді. Кей сарапшылар алғашқы пікірталаста кейбір қатысушылардың қысқа уақыт ішінде ойын нақты жеткізе алмағанын атап өтті.

Кейінгі пікірталастарда білім, еңбек нарығы, жасанды интеллект, болашақ мамандықтар, ауылдағы кадр тапшылығы, экология, өндіріс, өңірлерді дамыту секілді мәселелер көтерілді. Бұл – қоғамды алаңдатын тақырыптардың өзі. Алайда теледебаттың

тағы бір қыры бар. Ол – саяси бәсекенің мәдениеті. Саяси пікірталас қарсыласты жөну үшін айтылған өткір сөздер жарысы емес. Оның мәні – қоғамға кімнің нақты шешім ұсына алатынын көрсету. Өкінішке қарай, кейбір пікірталастарда мәселенің өзінен гөрі, оппонентке бағытталған өткір сөздер мен жеке пікірлердің салмағы басым түсіп кететін тұстар байқалды. Соның бір мысалы – Respublica партиясының төрағасы Айдарбек Қожаназаровтың Абай туралы айтқан сөзі. Абай күнінде айтылған «Абайды Абай қылған – Құнанбайдың малы» деген пікір қоғамда үлкен пікірталас туғызды. Әлеуметтік желіде бұл сөзге наразылық білдіргендер көп болды, ғалымдар мен қоғам өкілдері де оны орынсыз деп бағалады. Әрине, саясаткердің айтқан ойын қандай контексте жеткізгенін толық қарау маңызды. Бірақ мұндай жағдай саяси тұлға үшін сөздің жауапкершілігі өте жоғары екендігін көрсетіп берді. Әсіресе Абай сияқты ұлттың рухани темірқазығына айналған тұлғаға қатысты пікір айтқанда, саясаткердің әр сөзі қоғамның назарында болатыны анық. Бұл жерде мәселе бір адамның пікірін сынауда ғана емес. Мәселе – болашақ заң шығарушының ұлттық құндылықтарға, тарихи жа-

дыға және қоғамның сезімтал тақырыптарына қаншалықты жауапкершілікпен қарайтынында болса керек.

Теледебаттарда партиялардың әлеуметтік мәселелерге қатысты ұсыныстары да айтылды. Бірі білім мен ғылымды дамытуға басымдық берсе, енді бірі бизнесті қолдау, ауылды дамыту, экология, әлеуметтік әділеттілік, еңбек нарығы мәселелерін алға тартты. Бұл ұсыныстардың барлығы маңызды. Бірақ сайлаушының көкейінде «Осының бәрі менің өміріме қалай әсер етеді?» деген бір ғана сұрақ бар.

Әрине, жасанды интеллект туралы айту жақсы. Бірақ ауылдағы мектепте интернет нашар болса, цифрлық білім туралы бағдарлама қалай іске асады? Жаңа мамандықтар туралы айту қажет. Бірақ бүгінгі жасқа сол мамандықты меңгеретін сапалы білім мен жұмыс орны ұсыныла ма? Өңірлерді дамыту туралы айту маңызды. Бірақ ауылдағы жол, ауызсу, медицина, мектеп мәселелері қашан шешіледі? Демек, сайлауалды бағдарламаның құндылығы оның әдемі жазылуымен емес, орындалатын нақты механизмнің болуымен өлшенуі керек. Өкінішке орай дебаттарда айтылған әңгімелерде осы мәселелерді шешудің нақты тетіктері жайлы айтыла қоймады.

ДЕБАТТАР НАҚТЫ ҰСЫНЫС АЛАҢЫ БОЛУЫ ТИІС

Шын мәнінде жаңа Құрылтайдың алғашқы депутаттары үшін жауапкершілік бұрынғыдан да жоғары болмақ. Өйткені олар тек заң қабылдайтын органның мүшесі емес, жаңа саяси жүйенің алғашқы өкілдері болады. Олардың жұмысына қоғамның бағасы жаңа институттың беделіне де әсер етеді. Сондықтан болашақ депутаттан бірнеше қасиет күтуге болады. Олар кәсіби біліктілік. Заң шығарушы елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, құқықтық жүйесін түсінуі керек. Екіншіден, халықпен байланыс. Депутат сайлаудан кейін халықты ұмытып кететін емес, сайлаушымен тұрақты жұмыс істейтін өкіл болуы қажет. Үшіншіден, саяси мәдениет. Пікірталаста қарсыласты кемсіту емес, оның ұсынысына жауап беру маңызды. Төртіншіден, сөзге жауапкершілік. Қоғамдық мінберде айтылған әрбір сөздің салмағы бар. Бесіншіден, есеп беру мәдениеті. Сайлауалды кезеңде айтылған уәделер сайлаудан кейін де ұмытылмауы тиіс.

Осы жерде «Әділет» партиясының саяси жауапкершілікті күшейтеу және партиялардың сайлаушылар алдында бағдарламаның әр тармағы мен уәдесі бойынша тұрақты түрде есеп беруі ту-

ралы ұсынысы назар аудартады. Бұл – жалпы саяси мәдениеттің маңызды элементі.

Жаңа Конституциялық өзгерістерден кейін Қазақстанда екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай келіп отыр. Оның алғашқы сайлауы 23 тамызда өтеді. Бірақ жаңа органның атауын өзгерту жеткіліксіз. Ең маңыздысы – оның сапасы. Құрылтай халықтың үні естілетін орынға айнала ма? Депутаттар қоғамның нақты мәселесін заңнамалық шешімге айналдыра ала ма? Партиялар сайлау кезінде берген уәдесін орындау үшін сайлаушы алдында жауап бере ме? Осының бәрі уақыт еншісінде.

Ал әзірге теледебаттар бізге бір мәселені анық көрсетті. Ол халыққа жай ғана дауыс көтеріп, қарсыласын сынайтын саясаткер емес, мәселені білетін, нақты ұсыныс айта алатын, сөзінің жауапкершілігін түсінетін тұлға керек. Құрылтайға баратын депутаттың ең басты капиталы – байлығы да, атағы да, әлеуметтік желідегі танымалдығы да емес, оның ең үлкен капиталы – халықтың сенімі. Ал сенімге ие болу – сайлауалды науқанның емес, бес жылдық жұмыстың ең үлкен сынағы.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



АЙМАҚ

ШЫМКЕНТ: ЦИФРЛЫ ҚАЛАДАН АҚЫЛДЫ ҚАЛАҒА ДЕЙІН

Биылғы жылдың Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жариялануы цифрлық трансформацияны мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының біріне айналдырды.

Осы ретте, Шымкенттің тәжірибесі назар аударуға тұрарлық. Мегаполисте цифрландыру бірнеше бағытта қатар жүріп жатыр. Қалалық инфрақұрылымды мониторингтеу, жасанды интеллектті қоғамдық қауіпсіздікке енгізу, цифрлық мемлекеттік қызметтерді дамыту, IT-стартаптарға жағдай жасау, байланыс инфрақұрылымын күшейту және киберқауіпсіздікті жетілдіру саласында атан түйеге жүк боларлық жұмыстар жүргізілген.

Біртіндеп жіпке тізіп көрсек 2025 жылдың қорытындысы мен 2026 жылдың алғашқы тоқсанындағы көрсеткіштер бойынша Шымкенттің Smart City көрсеткіші 76 пайыздан 82 пайызға дейін өскені анықталды. Нәтижесінде қала республикадағы цифрлық трансформация бойынша үшінші орынға көтерілген. Сонымен қатар «Ашық үкімет» көрсеткіші 100 пайызға жетіп отыр. Қалада 3 100 бейнебақылау камерасы орнатылып, дрондар арқылы мониторинг жүргізіледі. Сондай-ақ, 1 752 мобильді базалық станция жұмыс істеп тұр, оның 373-і 5G желісіне қосылған. Әрине, бұл көрсеткіштердің ар жағында бір қарағанда көзге көріне бермейтін, бірақ қаланың күнделікті жұмысын өзгертетін технологиялық инфрақұрылымы қалыптасып келе жатқаны да рас.

Қаланы әуеден бақылау: дрон енді тек түсірілім құралы емес
Шымкентте қаланы әуеден жедел мониторингтеуге арналған дрон инфрақұрылымының іске қосылуы қаланың «ақылды қалаға» айналуына зор ықпал еткен. Оның негізгі ерекшелігі – ұшқышсыз аппараттардың тек бейне түсіру үшін емес, нақты қалалық міндеттерді шешуге пайдаланылуы десек қателеспейміз. Дрондар ең алдымен өрт қауіпсіздігі бағытында қолданылады. Олар өрт ошақтарын ерте анықтап, төтенше жағдайдың таралу ауқымын жедел бағалауға мүмкіндік береді. Ұшқышсыз аппараттар құрылыс саласында заңсыз немесе тиісті рұқсатсыз жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарын да дер кезінде анықтауға көмектеседі. Бұл әсіресе аумағы кеңейіп келе жатқан мегаполис үшін аса маңызды мәселе. Өйткені жерді бақылау тек қағаз құжаттармен немесе жерүсті тексерістерімен шектелген жағдайда заңсыз өзгерістерді дер кезінде анықтау қиын болып жатады. Жер мониторингі кезінде учаскелерді өз бетінше басып алу және жердің нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуын бақылау көзделген. Ал экология саласында дрон-

дар заңсыз қоқыс тасталған орындар мен тұрмыстық қалдықтардың жиналуын анықтауға мүмкіндік береді. Абаттандыру бағытында қала аумағының санитариялық жағдайы, тазалығы мен абаттандырылуы да бақыланады.

Бұған қоса дрон инфрақұрылымы қоғамдық қауіпсіздікке де қызмет етеді: қаладағы жағдайды жедел бақылап, құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

– Мұндай жүйенің басты артықшылығы – бақылаудың жеделдігі. Анықталған факт тиісті қызметке уақыт жоғалтпай жеткізіліп, жауапты құрылымның әрекет етуіне негіз болады. Дрондардың қалалық басқару жүйесіне енгізілуі осы арқылы «оқиға болды – ақпарат түсті – тексеру жүргізілді» деген дәстүрлі тізбекті біршама қысқартуға мүмкіндік береді, – дейді Шымкент қалалық цифрландыру басқармасының басшысы Мұхит Кемелов.

Бұл бағыттың маңыздылығы бұған дейінгі қалалық жоспарлардан да көрінеді. «Smart Shymkent» жол картасы аясында жолдарды, заңсыз құрылыстарды және кокыс үйінділерін дрондар арқылы бақылау қарастырылған болатын.

Цифрлық қаланың келесі маңызды деңгейі – жасанды интеллект. Шымкентте ЖИ технологиялары қоғамдық қауіпсіздікке нақты қолданбалы құрал ретінде де кенінен енгізіле бастаған. Соның бір мысалы – жол қозғалысы қауіпсіздігіне арналған жасанды интеллект жүйелері. «Жаяу жүргіншілер өткелі» жобасы жолдағы құқық бұзушылықтарды автоматты түрде анықтап, көліктің мемлекеттік нөмірін, оқиғаның уақытын және орнын дерекқорға дереу енгізуге мүмкіндік береді.

Мұндай жүйенің мәні тек камера санының көптігінде емес. Бұрын бейнебақылау камерасы оқиғаны тіркейтін құрал болса, жасанды интеллект сол бейнематериалдан қажетті ақпаратты автоматты түрде ажыратып, нақты құқық бұзушылықты анықтауға көмектеседі. Мәселен, Megacam. Argus жүйесінің деректері бойынша 2025 жылғы 20 тамыз бен 3 желтоқсан аралығында Байтереков көшесі, «Хюндай орталығы» маңында 9 166 құқық бұзушылық тіркеліп, айыппұл салынған. Рысқұлов көшесі бойындағы «Самал» базары маңында 25 642 құқық бұзушылық анықталған. Ал Innova Tech әзірлеген «Ақылды жаяу жүргінші» жобасы 2026 жылғы 24-28 наурыз



аралығында Жібек Жолы көшесінде 343, Тәуке хан көшесінде 146 құқық бұзушылықты анықтаған.

Яғни жасанды интеллекттің қаладағы рөлі біртіндеп «технологиялық жаңалық» деңгейінен нақты басқару құралы деңгейіне өтіп келеді.

ЖИ-ді енгізу қоғамдық қауіпсіздікпен ғана шектелмейді. Шымкентте денсаулық сақтау саласында PULS AI және CEREBRA AI жобалары іске қосылған. Сонымен бірге 103 әлеуметтік қызмет онлайн форматқа көшірілген.

Ал 2026 жылғы мамырда қалада жылу желілерін цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын пайдалану мәселелері де талқыланды. Күн тәртібінде цифрлық мониторинг, құбырышлық диагностика және инфрақұрылымды алдын ала болжау арқылы басқару мәселелері қаралды.

Бұл – технологияяның қаланың көрінбейтін инфрақұрылымына да еніп келе жатқанын көрсететін мысал.

Цифрлық инфрақұрылымның өзегі – дерек

Қазіргі уақытта Шымкентте цифрлық жобалар қатарында Smart Data Ukimet, AIQYN және Digital Maps сияқты шешімдер таныстырылған. Қалада интеллектуалды көлік жүйесі де кезең-кезеңімен енгізіліп жатыр. Оның мақсаты – көлік ағындарын автоматтандыру, кептелісті азайту, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру және төтенше қызметтерге «жасыл дөліз» қалыптастыруға назар аударылып отыр. Бұған қоса қалада Documentolog жүйесі 381 мекемеде енгізіліп, қамту деңгейі 90 пайызға жеткен. Бұл мемлекеттік және муниципалдық құрылымдардың ішкі процестерін цифрлық форматқа көшіруге бағытталған жұмыстардың ауқымын аңғартады, – деп толықтырды Мұхит Кемелов.

Цифрландырудың түпкі мақсаты да осында. Жүйе көбейген сайын олардың бір-бірімен байланысы маңызды бола түседі. Дерек әртүрлі құрылымда бөлек сақталмай, қаланың тұтас цифрлық моделін қалыптастыруға қызмет етуі тиіс.

Шымкент қаласының цифрландыру басқармасының жұмыс бағыттарының қатарында да ақпараттық қауіпсіздік жеке бағыт ретінде белгіленген. Басқарма цифрлық трансформациямен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік салаларына жауап береді. Бұл ретте киберқауіпсіздік тек мемлекеттік органдардың міндеті емес. Цифрлық қызметтерді пайдаланатын әр азаматтың да ақпараттық сауаты маңызды. Бұл орайда шаһарда цифрлық сервистер көбейген сайын фишинг, интернет-алаяқтық, жалған сілтемелер арқылы дерек ұрлау сияқты қауіптердің алдын алу мәселесі де өзектене түседі. Демек, цифрлық трансформацияның бір өлшемі – жаңа қызметтер саны болса, екінші өлшемі – сол қызметтердің қаншалықты қауіпсіз екені.

Бүгінде қаланың IT экожүйесі соңғы кезеңде айтарлықтай кеңейген. Shymkent Hub-та өткізілген іс-шаралар саны 55-тен 160-қа дейін өскен, қатысушылар саны 3 мың адамға жеткен. Бұл цифрлық ортаға жастардың, студенттердің және IT саласына қызығушылық танытатын азаматтардың тартылып келе жатқанын көрсетеді. Ал осы экожүйенің келесі буынын қалыптастыруға Startup Orda сияқты бағдарламалар мүмкіндік беріп отыр.

90 күн: идеядан алғашқы өнімге дейін

Ұсынылған деректерге жүгінсек Shymkent Hub Astana Hub-тың тегін үш айлық Startup Orda инкубациялық бағдарламасына өтінім қабылдап жа-

тыр. Бағдарлама IT саласында жобасын дамытқысы келетіндерге идеяны нақты өнімге айналдырып, алғашқы MVP-нарыққа шығаруға дейінгі жолды өтуге мүмкіндік береді. Мұнда басты ерекшелік – қатысу үшін дайын бизнес-модельдің болуы міндетті емес. 16 жастан асқан кез келген адам өз идеясымен өтінім бере алады. Ал алғашқы өнімін жасап қойған командалар жобасын одан әрі дамыту үшін бағдарламаға қатыса алады. Үш ай ішінде қатысушылар воркшоптар мен шеберлік сыныптарына қатысып, трекерлер мен сарапшылардан кеңес алады. Жобаларды топтық талдау, жеке консультациялар, Startup Academy сабақтары және заманауи әзірлеу құралдары, соның ішінде Vibe Coding бағыттары қамтылады.

Бағдарлама түлектерінің бірі жасанды интеллект негізінде тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың қозғалыс белсенділігін қалпына келтіруге көмектесетін медициналық экзоскелет әзірлеген. Бұл мысал өңірлік стартап бағдарламасының тек IT-қосымша жасауға емес, нақты әлеуметтік және медициналық мәселелерді технология арқылы шешуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бағдарламаға қатысу тегін. Қатысушылар Startup Orda сертификатын алады, ал үздік командалар Astana Hub Demo Day алаңында жобасын таныстырып, жүлде қоры үшін бақ сынай алады. Сонымен бірге халықаралық бағдарламалар мен Astana Hub-тың шетелдегі серіктес хабтарымен тәжірибе алмасу мүмкіндігі қарастырылған. Өтінім қабылдау 23 тамызға дейін жалғаспақ.

2026 жылы цифрландыру мен жасанды интеллектке ерекше басымдық берілуі бұл процесті одан әрі жеделдетуі мүмкін. Қазақстанның цифрлық күн тәртібінде өңірлердің рөлі де күшейіп келеді. Мәселен, Digital Qazaqstan халықаралық форумының алғашқы алаңы ретінде Шымкенттің тандалуы қаланың өңірлік технологиялық орталық ретіндегі әлеуетіне берілген бағанның бір көрінісі болды. Форум аясында IT-компаниялар мен стартаптардың көрмелері, хакатондар, технологиялық байқаулар және цифрлық трансформация бойынша тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылды.

Ендігі мәселе – технологияның саны емес, оның қаланың нақты мәселелерін қаншалықты сапалы шешетінінде.

Дрон заңсыз құрылысты уақытында анықтаса, жасанды интеллект жолдағы қауіптің алдын алса, цифрлық сервис азаматтың уақытын үнемдесе, IT-стартап жаңа жұмыс орны мен технологиялық өнім қалыптастырса, ал киберқауіпсіздік азаматтың деректерін қорғаса – цифрландырудың нақты нәтижесі сол. Шымкент үшін цифрлық трансформацияның келесі кезеңі де осы логикамен өлшенбек. Ақылды қала дегеніміз – технологиясы көп қала емес, технологияның тұрғындардың қауіпсіздігіне, жайылығына және экономикалық мүмкіндігіне тиімді пайдалана алатын қала.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
Шымкент қаласы

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Халық пен мемлекет арасындағы сенім көпірі

Мемлекет дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі – билік пен қоғам арасындағы тиімді диалогтың қалыптасуы. Қазіргі таңда Қазақстанда мұндай ашық пікір алмасудың, қоғамдық ұсыныстарды мемлекеттік шешімдерге айналдырудың маңызды алаңы ретінде Ұлттық құрылтайдың орны ерекше.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ халқы үшін құрылтай ұғымы жат емес. Ежелден ел тағдырына қатысты маңызды мәселелер халық өкілдері қатысқан кеңестерде талқыланып, ортақ шешім қабылданған. Бүгінгі Ұлттық құрылтай да осы тарихи сабақтастықтың заманауи жалғасы болып табылады. Оның басты ерекшелігі – түрлі әлеуметтік топтардың, қоғамдық ұйымдардың, сарапшылардың, зиялы қауым мен жастардың пікірін бір арнаға тоғыстыруында.

Ұлттық құрылтайдың негізгі мақсаты – қоғамның үнін есту және халықтың сұранысына сәйкес мемлекеттік саясатты жетілдіру. Соңғы жылдары өткен Парламент отырыстарында білім беру, мәдениет, тіл саясаты, жастар тәрбиесі, құқықтық мәдениет, отбасы құндылықтары, әлеуметтік әділеттілік және аймақтарды дамыту мәселелері кеңінен қарастырылды. Бұл бағыттардың барлығы еліміздің тұрақты дамуына тікелей әсер ететін маңызды салалар болып саналады. Бұл Құрылтайдан да осындай келелі мәселелер құрылтай.

Құрылтайдың тиімділігі оның нақты нәтижелерінен көрінеді. Қоғамдық талқылаулар барысында көтерілген көптеген ұсыныстар заңнамалық өзгерістерге негіз болады. Мысалы, тарихи әділдікті қалпына келтіру, ұлттық құндылықтарды насихаттау, балалардың қауіпсіздігін күшейту, құмар ойындарға қатысты шектеулер енгізу, вандализмге қарсы күресті күшейту секілді бастамалар қоғам қолдауына ие болып, мемлекеттік деңгейде жүзеге асырылуда.

Судья ретінде мен Ұлттық құрылтайдың құқықтық мемлекет қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өткім келеді. Құқықтық мемлекет тек заңдардың болуымен ғана емес, олардың қоғам сұранысына сай қабылдануымен және азаматтардың құқықтық мәдениетінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Құрылтай осы бағытта маңызды қызмет атқарады деп сенеміз. Себебі онда көтеріл-



ген мәселелер халықтың нақты қажеттіліктерінен туындайды. Ал қоғамның сұранысын ескере отырып қабылданған заңдар мен шешімдер азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырады.

Бүгінде елімізде «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдарының біріне айналды. Бұл бағытта құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру мәселелері тұрақты түрде назарда ұсталып келеді. Ұлттық құрылтай осы құндылықтарды қоғамда орнықтыруға ықпал ететін маңызды қоғамдық институт болмақ.

Құрылтайдың тағы бір маңызды қыры – ұлттық бірлікті нығайтуға қосатын үлесі. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Сондықтан қоғамдық келісім мен өзара түсіністік еліміздің тұрақтылығының негізгі кепілі болып табылады. Құрылтай алаңында әртүрлі көзқарастағы азаматтардың ортақ мүдде төңірегінде пікір алмасуы қоғамдағы ауызбіршілікті күшейтеді. Бұл өз кезегінде елдің саяси тұрақтылығын сақтауға және әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, құрылтай жастар саясатына да ерекше көңіл бөледі деп үміттенеміз. Жастардың білім алуы, еңбек нарығында өз орнын табуы, патриоттық тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мәсе-

лелері тұрақты түрде көтерілуде. Себебі елдің ертеңі – жастар. Олардың сапалы білім алып, заңға құрметпен қарауы және қоғам өміріне белсенді араласуы мемлекеттің болашақтағы табысының кепілі болып саналады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау мәселесі де аса өзекті. Ұлттық құрылтай осы бағыттағы бастамалардың негізгі қозғаушы күшіне айналады. Ана тілін дамыту, тарихи мұраны дәріптеу, ұлттық мәдениетті қолдау, отбасы институтын нығайту мәселелерінің күн тәртібінен түспеуі – маңызды.

Қорыта айтқанда, Ұлттық құрылтай – қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтатын, халықтың ұсынысын нақты іске айналдыратын және елдің болашақ дамуына бағыт-бағдар беретін маңызды қоғамдық институт. Оның жұмысы азаматтардың мемлекет басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, демократиялық құндылықтарды дамытуға қызмет етеді. Сондықтан Ұлттық құрылтайдың қызметі Қазақстанның тұрақты дамуы мен құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болмақ.

К.МЕКЕМТАС,
Астана қаласының қылмыстық істер
жөніндегі ауданаралық
сотының төрағасы

ПІКІР

2025 жылғы наурыз айынан бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне эксаумақтық соттылық институты енгізіліп, талап қоюшыларға таңдау мүмкіндігі берілді. Атап айтқанда ӘРПК-нің 107-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, талап қоюшы, осы кодекстің 102-бабының үшінші бөлігіндегі, 103-бабындағы, 105-бабының бірінші бөлігіндегі, 106-бабының екінші және үшінші бөліктеріндегі және 25-тарауындағы тәртіппен қаралуға жататын істерді қоспағанда, әкімшілік іс сот отырысында талқылауға тағайындалғанға дейін эксаумақтық соттылықты, оның ішінде соттың іс жүргізуіндегі әкімшілік істер бойынша да таңдай алады.

Әкімшілік іс жүргізудегі

ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ

Эксаумақтық соттылық институтын енгізудің басты мақсаты – сот төрелігін жүзеге асыруға қоғамның сенімін арттыру; әкімшілік және өзге де сыртқы факторлардың соттарға ықпалын барынша азайту; әкімшілік дауларды қарау кезінде объективтілік пен бейтараптылықты қамтамасыз ету; сот ісін жүргізуге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қосымша тетіктерін енгізу.

Эксаумақтық соттылықты енгізу азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттыруға, оларға процестік икемділік пен сотқа жүгінуге мүмкіндік береді.

Талап қою сотқа түскен кезде әкімшілік іс сот отырысында талқылау тағайындалғанға дейін сот талап қоюшыға оның эксаумақтық соттылықты таңдау құқығын түсіндіреді. Эксаумақтық соттылықты таңдаған талап қоюшының өтініші түскен жағдайда, әкімшілік іс жүйе арқылы автоматты түрде соттың жүктемесін ескере отырып бөлінеді. Талап қоюшы өз ісін қарайтын сотты өз бетінше таңдай алмайды, істі қарайтын сотты ақпараттық жүйе автоматты түрде анықтайды.

Соттың эксаумақтық соттылық тәртібімен талап қоюды беру үшін сотты таңдау талап қоюшының айрықша құқығы болып табылады және оған жауапкердің, сондай-ақ сот процесіне өзге де қатысушылардың келісімі талап етілмейді. Алайда, талап қоюшы талап қоюды беру кезінде эксаумақтық соттылықты бір рет таңдай алады.

Дегенмен, Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына түскен әкімшілік істер бойынша талап қоюшылар эксаумақтық соттылықты таңдау құқықтарын аз пайдаланатыны байқалады. Айта кетер болсақ, 2025 жылғы түскен әкімшілік талап қоюда 2 іс бойынша талап қоюшы эксаумақтықты таңдаған болса, ал ағымдағы жылдың 7 айында барлығы 3 әкімшілік іс эксаумақтық соттылық бойынша жолданған.

Сондықтан талап қоюмен әкімшілік сотқа жүгіну кезінде эксаумақтық соттылықты таңдау құқығын тиімді пайдалану қажеттігін талап қоюшыға түсіндіреміз.

Гүлмира МЕКЕМБАЙ,
Түркістан облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ТАРИХ-ТАРАЗЫ

Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы, философы, композиторы және қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Ол өз шығармаларында халықты білімге, еңбекке, адамгершілікке, өнер мен ғылымға ұмтылуға шақырды. Абайдың мұрасы қазақ халқының рухани өмірінде ерекше орын алады.



Абай алғашқы сауатын ауыл молдасынан ашып, кейін Семейдегі Ахмет Риза медресесінде білім алды. Сонымен қатар орыс мектебінде оқып, орыс тілін және орыс әдебиетін үйренуге мүмкіндік алды. Жас кезінен ел ісіне араласып, халықтың тұрмысын, қоғамдағы мәселелерді терең таныды.

Абайдың дүниетанымының қалыптасуына шығыс әдебиетімен қатар орыс және еуропалық әдебиет те үлкен әсер етті. Ол Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, халыққа таныстырды.

Абай шығармаларының негізгі тақырыптары – білім, ғылым, еңбек, адамгершілік, ел бірлігі және халықтың болашағы.

Оның «Ғылым таппай мақтанба», «Өсемпаз болма әрнеге», «Интернатта оқып жүр», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» сияқты өлеңдері халықты ойлануға, білім алуға және жақсы қасиеттерді бойға сіңіруге үндеді.

Абайдың поэмаларының ішінде «Ескендір»,

Абай мұрасы – мәңгілік мұнара

«Масғұт», «Әзім әңгімесі» шығармалары ерекше орын алады. Оның шығармаларында адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттер салыстырылып, оқыманды дұрыс жолды таңдауға шақырады.

Абайдың ең құнды мұраларының бірі – «Қара сөздері». Қара сөздерінде ақын халықтың мінез-құлқы, білім мен ғылым, еңбек, адамгершілік, тәрбие және қоғам мәселелері туралы терең ой қозғайды.

Абай тек ақын ғана емес, талантты композитор да болған. Оның «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ» сияқты әндері қазақтың музыкалық мәдениетінің алтын қорына енді. Абай қазақ әдебиетін жана деңгейге көтерді. Ол поэзияға терең философиялық ой, жаңа тақырыптар мен көркемдік ерекшеліктер енгізді. Ақынның шығармалары халықты оянуға, білім мен ғылымға ұмтылуға шақырды.

Абайдың шығармашылық мұрасы кейінгі қазақ ақын-жазушыларына үлкен ықпал етті. Оның идеялары мен өсиеттері бүгінгі ұрпақ үшін де маңызды. Сондықтан Абай мұрасын оқу – өткенді тану ғана емес, өзімізді тәрбиелеу және болашағымызды дұрыс қалыптастыру.

А.ИСАЕВА,
Ақтөбе облысы
Шалқар аудандық сотының бас маманы
-сот отырысының хатшысы міндетін атқарушы

ГЕНДЕР

КЕМСІТУГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Құқық үстемдігі орныққан мемлекетте адамның ар-намысы, қадір-қасиеті, құқықтары мен заңды мүдделері ең жоғары құндылық ретінде танылады. Осы құндылықтардың толыққанды жүзеге асуы әйелдердің құқықтарын қорғаумен және олардың қоғам өміріне тең дәрежеде қатысуына жағдай жасаумен тығыз байланысты. Сондықтан әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету – құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарының бірі әрі демократиялық қоғамның даму деңгейін айқындайтын маңызды өлшем.

ҚР Конституциясының 1-бабында мемлекетіміздің демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екендігі бекітілген. Ал Конституцияның 16-бабында заң және сот алдында жұрттың бәрі тең екендігі және ешкімнің жынысына немесе өзге де белгілеріне байланысты кемсітілмеуге тиіс екені нақты көрсетілген. Бұл конституциялық қағидалар әйелдер мен ерлердің тең құқықтарымен мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің құқықтық негізін қалайды.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында әйелдің орны қашанда жоғары бағаланған. Ана – отбасының берекесі, ұлт тәрбиесінің алтын діңгегі. Бүгінгі күні де әйелдер білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік қызмет, құқық қорғау органдары, сот жүйесі, ғылым, кәсіпкерлік және басқа да көптеген салаларда табысты еңбек етіп, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Сондықтан олардың құқықтарын қорғау – тек жеке адамның мүддесін қорғау ғана емес, қоғамның тұрақтылығы мен мемлекет өркендеуіне қызмет ететін маңызды міндет.

Мемлекет тарапынан әйелдердің құқықтарын қорғау бағытында жүйелі құқықтық және институционалдық шаралар қабылдануда. Гендірлік теңдікті қамтамасыз ету, ана мен баланы қорғау, еңбек құқықтарының сақталуына кепілдік беру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және құқық бұзушылықтардың жолын кесу бағытындағы заңнамалық реформалар осының айқын дәлелі. Мұндай өзгерістер азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіруге және заң үстемдігін нығайтуға бағытталған.



Аида ӘЖМАДИН,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының
бас маманы-сот
отырысының хатшысы

Олжас ОТАР,
Мемлекеттік кірістер органының үзгірі:

«ҚАРЫЗДЫҢ БОЛУЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ НАШАР ЕКЕНІН БІЛДІРМЕЙДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Кодекстің мемлекет бюджетіне әсері қандай?
– Жаңа Салық кодексінің тағы бір маңызды нәтижесі – мемлекетке түсетін салықтық түсімнің артуы. 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығында жалпы салықтық түсім 8,3 триллион теңгеге жетіп, жослар 103 пайызға орындалды. Құжаттың күшіне енуі және салықтық әкімшілендірудің жақсаруы нәтижесінде бюджет кірісі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,7 триллион теңгеге немесе 25 пайызға өсті. Сонымен қатар қосылған құн салығын төлеушілердің белсенділігі де артты. Биыл олардың саны 22 мыңнан астам адамға көбейіп, республика бойынша ҚҚС төлеушілердің жалпы саны 158 мыңнан асты. Бұл да салық жүйесінің ашықтығы мен салықтық тәртіптің күшейіп келе жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш.

– Азаматтар арасында мемлекеттік қарызға қатысты түрлі пікір айтылады. Бұл мәселеге қалай қарау керек?
– Осы жерде бір мәселеге ерекше назар аударғым келеді. Халық арасында «Қазақстанның сыртқы қарызы өте көп, тіпті болашақ ұрпаққа дейін қарыз» деген түсінік жиі кездеседі. Меніңше, мұндай пікірге нақты дерек тұрғысынан қарау қажет. Қазіргі уақытта Ұлттық қорда шамамен 65 млрд АҚШ доллары көлемінде қаражат бар. Бұл теңгеге шаққанда 32 трлн теңгеге жуық соманы құрайды. Ал мемлекеттің сыртқы қарызы Ұлттық қордағы қаражат көлемімен салыстырғанда шамамен 19 пайыз деңгейінде. Сондықтан халық арасында тараған «Қазақстан шетелге өте көп қарыз» деген пікірді нақты экономикалық көрсеткішпен салыстыра отырып бағалау керек.

Сонымен қатар елдің алтын-валюта резервін де ескерген жөн. Қазақстанда алтын қоры мен валюталық активтер бар. Яғни, мемлекеттің белгілі бір қаржылық қауіпсіздік қоры қалыптасқан. Дамыған мемлекеттердің өзі де бір-бірінен қарыз алады және өзге елге қарыз береді. Мемлекет қарызының болуы оның міндетті түрде қаржылық жағдайы нашар дегенді білдірмейді. Ең маңыздысы – сол қарыздың көлемі, оны өтеу мүмкіндігі және мемлекеттің активтері. Мұны қарапайым мысалмен түсіндіруге болады. Айталық, адамның депозитінде немесе басқа жинақ құралдарында 100 мың АҚШ доллары бар, ал оның қарызы 19 мың долларды құрайды. Ол бұл қарызын табысынан кезең-кезеңімен өтеп отыруы мүмкін. Қажет болған жағдайда жинағындағы қаражаттың бір бөлігін пайдаланып, қарызын толық өтеуге де мүмкіндігі бар. Мемлекеттің қаржылық жағдайын бағалағанда да тек қарыз көлеміне емес, оның активі мен резервіне қатар қарау қажет.

– Жеке кәсіпкерлер сіздерге қандай мәселелер бойынша жиі жүгінеді?
– Жеке кәсіпкерлердің жиі көтеретін мәселесінің бірі – бухгалтерлік және салықтық есеп жүргізу. Өсіресе қазақ тілінде жұмыс істейтін бухгалтерлер арасында салық заңнамасын түсіну, өзгерістерді уақытылы қадағалау және салық мәдениетін қалыптастыру мәселесі әлі де өзекті. Осы қажеттілікті ескере отырып, бухгалтерлерге және кәсіпкерлерге көмек көрсету, олардың салықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «АОЕ FINANCE» қызмет көрсету компаниясын аштық. Кәсіпкерлер мен бухгалтерлер білуі тиіс маңызды жайттың бірі – салық есептілігінде қате кеткен жағдайда оны түзету мүмкіндігінің болуы. Мәселен, бухгалтер есептілікті қате тапсырған күннің өзінде, заңнамада белгіленген мерзім шегінде оны қайта қарап, өзгерістер енгізіп, түзетілген есептілікті тапсыруға мүмкіндік бар. Алайда тәжірибеде көптеген бухгалтер бұл мүмкіндікті толық пайдалана бермейді немесе тиісті мерзімдерді ескермей жатады. Сонымен қатар мемлекеттік кіріс органдары тарапынан да түсіндіру жұмысы жүргізіліп келеді. Аудандық басқармаларда бухгалтерлерге арналған кездесу, оқыту және салық заңнамасындағы өзгерістерді

түсіндіру ұйымдастырылады. Мұның барлығы қателіктерді азайтып, салық мәдениетін көтеруге бағытталған.

– Салық есептілігін тапсыру кезінде кәсіпкерлер нені ескеруі қажет?
– Жалпы салық есептілігін тапсырған кезде ешқандай қорқыныштың қажеті жоқ. Кез келген мекеменің басшысы өзінің кірісі мен шығысын дұрыс есептеп, қаржылық жағдайын бақылап отырса болғаны. Салық органдарының мақсаты тек қадағалау немесе жауапқа тарту емес. Ең басты міндеттің бірі – салықты қалай дұрыс төлеу керектігін түсіндіру, қателіктің алдын алу. Сондықтан қоғамда қаржылық сауаттылықты арттырып, салық мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұрын халық арасында «салықтан қалай жалтаруға болады?» деген түсінік кездесетін. Бұл – дұрыс көзқарас емес. Қазіргі салық жүйесінің мақсаты кәсіпкерді міндетті түрде жазалау емес, керісінше оның қателігін уақытында анықтап, оны түзетуге мүмкіндік беру. Бұрын кәсіпкерлерге қатысты аудиттік тексерулер жиірек жүргізілетін болса, қазіргі уақытта камералдық бақылау тетігі кеңінен қолданылады. Егер салық есептілігінде белгілі бір сәйкессіздік немесе қателік анықталса, кәсіпкерге арнайы хабарлама жіберіледі. Сол хабарламаны алғаннан кейін салық төлеуші жіберілген қателікті түзетуге немесе егер қателік болмаған деп есептесе, оған түсіндірме жауап беруге құқылы. Яғни, бірден жауапкершілікке тарту емес, алдымен мәселені реттеуге мүмкіндік беріледі. Тәжірибеде жиі кездесетін мәселенің бірі – осындай хабарламаларға бухгал-

Салық органдарының мақсаты тек қадағалау немесе жауапқа тарту емес. Ең басты міндеттің бірі – салықты қалай дұрыс төлеу керектігін түсіндіру, қателіктің алдын алу. Сондықтан қоғамда қаржылық сауаттылықты арттырып, салық мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұрын халық арасында «салықтан қалай жалтаруға болады?» деген түсінік кездесетін. Бұл – дұрыс көзқарас емес. Қазіргі салық жүйесінің мақсаты кәсіпкерді міндетті түрде жазалау емес, керісінше оның қателігін уақытында анықтап, оны түзетуге мүмкіндік беру.

терлердің уақытында жауап бермеуі. Кейін есепшотқа шектеу қойылған кезде «бес теңге үшін шотымды бұғаттап тастады» деген секілді пікір айтылады. Алайда мәселе тек берешектің көлемінде емес. Салық төлеушіге алдын ала хабарлама беріледі және сол хабарлама бойынша заңда белгіленген мерзім ішінде жауап беру мүмкіндігі қарастырылған. Егер кәсіпкер немесе оның бухгалтері хабарламаны уақытында қарап, тиісті әрекет жасаса, көп жағдайда мұндай мәселенің алдын алуға болады. Өкінішке қарай, кейбір бухгалтерлер салық төлеушінің кабинетіне келген хабарламаларды уақытылы тексермейді немесе жауап беру мерзімін өткізіп алады. Соның салдарынан кәсіп иесі қиындыққа тап болады. Ал кейін мұндай жағдай үшін бірден салық органдарын кінәлау дұрыс емес.

Шын мәнінде, декларация тапсыру кезінде мемлекеттік кіріс органының тиісті коды салық төлеушінің өзі тарапынан көрсетіледі. Бір ғана кодты қате енгізудің өзі декларацияның басқа басқармаға кетуіне себеп болуы мүмкін. Мұндай қателіктерді түзетуге мүмкіндік бар. Мәселен, декларация Медеу ауданы бойынша тапсырылуы керек болып, қателесіп Бостандық ауданына жіберілсе немесе Астана қаласына тапсыру керек есептілік Алматы қаласына жолданып кетсе, оны салық төлеушінің кабинеті арқылы қайта қарап, тиісті өзгеріс енгізуге болады.

– Қаржылық сауаттылық пен салық мәдениетін қалыптастыру үшін не істеу керек?
– Біздің компанияны құрудағы негізгі мақсатымыз – салық мәдениетін қалыптастыру және кәсіпкерлердің қаржылық сауаттылығын арттыру. Ол үшін ең алдымен ресми ақпарат көздерін тұрақты бақылап отыру қажет. Салық заңнамасына енгізілетін өзгерістер Мемлекеттік кірістер органы мен Қаржы министрлігінің ресми ре-



сурсында жарияланады. Кәсіпкерлер мен бухгалтерлер осы ақпараттарды уақытылы қадағалап отырса, көптеген қателіктің алдын алуға болады. Бизнес өкілдері арасында салықтық тәуекелдерден қорқу да жиі кездеседі. Алайда жұмысын заң аясында жүргізіп, кірісі мен шығысын дұрыс көрсетіп, бухгалтерлік және салықтық есептілігін уақытында тапсырып отырған кәсіпкердің салықтық тәуекелден қорқуына негіз жоқ. Мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге бұған дейін де түрлі жеңілдік жасалды. Мәселен, 2020–2022 жылдары шағын бизнес өкілдерінің бір бөлігі үш жылға табыс салығын төлеуден босатылды. Бұл кезеңде мемлекет бюджетке

міндеттемелерін азайтуға тырысатын. Сондықтан енгізіліп отырған талаптарды тек салықтық жүктемені арттыру деп қабылдау дұрыс емес. Мұндағы басты мақсат – көлеңкелі экономиканың үлесін азайту, жалған кәсіпкерліктің алдын алу және кәсіпкерлердің нақты айналымын ашық көрсетуге жағдай жасау.

– Азаматтар мен кәсіпкерлер өз құқығын білмегендіктен қандай қиындықтарға жиі тап болады?
– Кәсіпкерлердің қиындыққа тап болуының негізгі себебі – біліктілігі жеткіліксіз бухгалтерлермен жұмыс істеу. Кейбір бухгалтерлер бір мезетте 10-15 компанияның есебін жүргізіп, онлайн қызмет көрсетеді. Соның салдарынан кәсіпкер бухгалтерлердің айтқанын заңның өзі сияқты қабылдап, басқа ақпарат көзіне жүгінбей қалады. Ал салық саласында әрбір операцияны дұрыс есептеу маңызды. Мысалы, кәсіпкер шетелден 100 млн теңгеге тауар әкеліп, кедендік рәсімдеу кезінде қосылған құн салығын төлейді. Бірақ кейін есепті дұрыс жүргізіп, заңда қарастырылған шегерімдер мен басқа да мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға болады. Өкінішке қарай, мұндай заңды тетіктерді барлық бухгалтер бірдей біле бермейді. Сондықтан кәсіпкерлерге берер негізгі кеңесіміз – білікті бухгалтерлермен немесе кәсіби бухгалтерлік компаниялармен жұмыс істеу. Кәсіпкердің өзі де салықтық міндеттемесі мен құқығын кем дегенде жалпы деңгейде білуі қажет. Кей жағдайда азаматтар өз мүмкіндігін толық білмегендіктен, «салықтан қалай жалтарамын?» деген қате жолға түсіп кетеді. Оның орнына заңда берілген мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет. Түсініксіз мәселе туындаса, Мемлекеттік кіріс органының ресми ресурсына жүгінуге немесе eGov арқылы ресми өтініш жолдауға болады. Сонымен қатар салық саласына қатысты қажетті ақпаратты «e-Salyq Azamat», «e-Salyq Business» секілді мобильді қосымшалардан да алуға мүмкіндік бар.

– Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға қандай кеңес берер едіңіз?
– Олар үшін қазіргі режим өте тиімді. Оның басты артықшылығы – салық есептілігін тапсырудың қажеті жоқ. Азамат ай сайын белгіленген мөлшерде әлеуметтік төлем алады. Сондықтан шағын көлемде өз бетінше қызмет көрсететін адамдар үшін бұл заңды түрде жұмыс істеудің ыңғайлы жолы.

– Сіздердің компанияға азаматтар көбіне қандай мәселемен жүгінеді?
– «АОЕ FINANCE» компаниясына жүгінетін кәсіпкерлердің басым бөлігінде мәселе бухгалтерлік есептен туындайды. Көбі бұрын жіберілген қателіктерді түзету, есептілікті қайта қарау немесе салықтық міндеттемелерін дұрыс есептеу бойынша көмек сұрайды. Біз салық саласында 22 жылдан астам жинаған тәжірибеміз бен білімімізді кәсіпкерлерге дұрыс бағыт көрсетуге пайдалануға тырысамыз. Ірі компанияларда да жиі кездесетін мәселенің бірі – салықтық жоспарлаудың дұрыс жүргізілмеуі. Яғни, заң шеңберінде қандай жағдайда салықтық жүктемені азайтуға

болатынын кейбір бухгалтерлер ескере бермейді. Мысалы, елімізде қайырымдылықпен айналысатын кәсіпкер көп. Егер қайырымдылық заң талабына сәйкес рәсімделсе, белгілі бір салықтық жеңілдік пен шегерімді пайдалануға мүмкіндік болуы мүмкін. Сондықтан салықты аз төлеу деген міндетті түрде салықтан жалтару емес, заңның өзінде қарастырылған мүмкіндікті сауатты әрі дұрыс пайдалану.

– Салықтық жеңілдік пен шегерімдерді халық қаншалықты пайдаланып жүр?
– Өкінішке қарай, салықтық жеңілдік пен шегерімді азаматтар да, кәсіпкерлер де толық пайдалана бермейді. Мысалы, ипотекалық несие бойынша төленетін сыйақыға байланысты жеке табыс салығынан шегерім жасау мүмкіндігі қарастырылған. Бұған дейін мұндай мүмкіндік негізінен «Отбасы банк» арқылы ипотека рәсімдеген азаматтарға қатысты қолданылып келді. Кейін бұл тетік басқа банктерден ипотекалық несие алған азаматтарға да кеңейтілді. Ал жаңа Салық кодексінде тепе-теңдік қағидасын сақтау мақсатында шегерім жасау тәртібі қайта қарастырылды. Мәселен, «Отбасы банк» арқылы 2023, 2024 немесе 2025 жылдары ипотека төлеп жүрген, бірақ осы уақытқа дейін жалақысынан жеке табыс салығы бойынша тиісті шегерімді пайдаланбаған азамат жұмыс берушісінің бухгалтериясына өтініш беріп, несие төлемінің кестесін ұсына алады. Белгіленген талаптарға сәйкес, алдыңғы кезеңдер бойынша түзету енгізіп, артық ұсталған соманы қайтаруға мүмкіндік бар.

Осындай мүмкіндік басқа банктер арқылы ипотекалық несие алған азаматтарға да қатысты болуы мүмкін. Яғни, азамат өзінің төлемі мен шегерімін қайта қарап, заңда көзделген жағдайда артық төленген қаражатын қайтарып ала алады. Сондықтан азаматтар салықтық жеңілдіктерді тек салық төлеуді азайтудың амалы ретінде емес, заңда берілген құқық ретінде қарастырғаны жөн. Салық кодексінде мұндай мүмкіндіктер нақты көрсетілген. Оларды білу үшін іздену керек. Біз де өзіміздің ресми парашаларымызда бұл туралы тұрақты айтып отырамыз. Мемлекеттік кіріс органының ресми сайттары мен әлеуметтік желілерінде де шегерімдер мен жеңілдіктерді қалай пайдалану керектігі жөнінде толық ақпарат жарияланады.

– Сұхбатымызды қорытындылай келе, азаматтар мен кәсіпкерлерге қандай кеңес берер едіңіз?
– Жаңа Салық кодексінде азаматтар мен кәсіпкерлер үшін көптеген мүмкіндік қарастырылған. Сондықтан кез келген кәсіпкер салық заңнамасының негізгі талабын білгені дұрыс. Кәсіпкерлерге бухгалтерге толықтай тәуелді болып қалмау керек. Кәсіп иесі өзінің кірісі мен шығысын, қандай салық төлеп отырғанын, қандай есептілік тапсырылатынын кем дегенде жалпы деңгейде түсінуі тиіс. Таныстарымың арасында осы мәселеге жиырма жылдан астам уақыт бойы қызығып, бухгалтерлерден сұрап, 1С бағдарламасының қалай жұмыс істейтінін, есептіліктің қалай тапсырылатынын үйренген кәсіпкерлер бар. Қазір олар өз компаниясындағы бухгалтердің жіберген қатесін бірден байқайтындай деңгейге жеткен. Бұл кәсіпкер міндетті түрде бухгалтер болуы керек деген сөз емес. Бірақ өз бизнесінің қаржылық және салықтық жағдайын түсінуі қажет. Сонымен қатар бухгалтер немесе салық маманын таңдағанда оның білімі мен тәжірибесіне мән берген дұрыс. Әлеуметтік желіде «салықты азайтып беремін», «бәрін шешіп беремін» деп уәде беретін кез келген адамға сене беруге болмайды. Нақты білімі, тәжірибесі және кәсіби жауапкершілігі бар мамандардан кеңес алған жөн. Мемлекеттік кірістер органдарында да тәжірибелі мамандар көп. Азаматтар мен кәсіпкерлер ресми органдарға жүгініп, түсінбеген мәселелері бойынша ақпарат ала алады. Қаржылық сауаттылық пен салық мәдениеті артқан сайын кәсіпкердің де тәуекелі азаяды, мемлекетке түсетін кіріс те тұрақты болады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

РУХАНИЯТ

ТҮРКІ ӘЛЕМІН ӨРКЕНДЕТУДЕГІ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАР

XXI ғасыр – жаһандану процестері жеделдеп, мемлекеттер арасындағы бәсекелестік жаңа сипатқа ие болған тарихи кезең. Егер XX ғасырда мемлекеттердің күші табиғи ресурстармен, әскери әлеуетпен және өнеркәсіптік өндіріспен өлшенсе, қазіргі кезеңде елдердің даму деңгейі ең алдымен олардың интеллектуалдық капиталымен, ғылыми әлеуетімен, инновациялық технологияларымен және мәдени интеграция мүмкіндіктерімен анықталады. Сондықтан тарихи жолды сақтау, ортақ мәдени құндылықтарды насихаттау және ғылыми білім беру кеңістігін құру кез келген интеграциялық бірлестіктің ұзақ мерзімді тұрақтылығының негізгі шарттарының біріне айналады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде сөйлеген сөзінде көтерген жеті ұсыныстың қатарында сауда-экономика, ғарыш, IT хабтардың бірлескен орталығы, білім-ғылым саласына қажетті мамандар дайындайтын оқу орталықтары мен ғылыми мекемелер ашу, Түркі өркениетінің мұрасын сақтау жөніндегі Конвенция жобасын пысықтау мәселелерімен қатар, Түркі мемлекеттерінің тарихи, мәдени мұрасын сақтау және оны болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру баршаға ортақ міндет пен парыз екендігін баса айта отырып, Түркістан қаласының түркі әрі әлемдік руханияттағы рөлін ескере келе Түркі өркениеті орталығын құру туралы шешімін жария еткен еді. «Бұл орталық бауырлас елдердің бірлесіп ғылыми зерттеу жүргізуіне, мәдени жобаларды және білім беру бағдарламаларын іске асыруына жағдай жасайды, сонымен бірге гуманитарлық ықпалдастығымызды нығайта түседі» деп түйіндеген еді Президент.

Түркі өркениеті – Еуразия кеңістігінде дамыған бірегей тарихи-мәдени жүйе. Оның негізін мемлекеттік басқару дәстүрі, көшпелі және отырықшы мәдениеттердің үйлесімі, жоғары әскери ұйым, халықаралық сауда қатынастары, құқықтық мәдениет және рухани құндылықтар құрайды. Түріктер құрған мемлекеттер ғасырлар бойы Еуразияда геосаяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, халықаралық сауда жолдарының қауіпсіздігін сақтап келді. Нәтижесінде әртүрлі өркениеттер арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар үнемі дамып келеді.

Түркі әлемі – Еуразия кеңістігінде мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан ортақ тарихи және мәдени кеңістік. Түркі халықтарын біріктіретін факторлар тек тілдік немесе этникалық жақындықпен шектелмейді. Олар ортақ тарихи жадымен, мемлекеттік дәстүрлермен, рухани құндылықтармен, құқықтық мәдениетпен және ғылыми мұрамен ерекшеленеді. Ежелгі заманнан бері түркі өркениеті Еуразия құрлығындағы саяси, экономикалық және мәдени процестерге белсенді қатысып, Шығыс пен Батыс арасындағы өркениеттік байланысты қамтамасыз етіп келеді.

Түркі өркениетінің идеологиялық негіздері Орхон-Енисей жазбаларында айқын көрініс тапқан. Білге қаған, Күлтегін және Тоныкөк жазбаларында мемлекеттің бірлігі, халықтың тұтастығы, әділ басқару, білім мен даналықтың маңыздылығы ерекше дәріптелген. «Ұлттың ұлт болуы – бірлік» қағидасы түркі саяси философиясының өзегіне

айналды. Бұл идея қазіргі Түркі мемлекеттері ұйымының мақсат, міндеттерімен де үндеседі. Қазіргі кезеңде түркі өркениеті жаңа мағынаға ие болуда. Егер бұрын интеграцияның негізі ортақ тіл мен тарихи жады болса, бүгінде оны ғылым, айналы.

Бұл идея қазіргі Түркі мемлекеттері ұйымының мақсат, міндеттерімен де үндеседі. Қазіргі кезеңде түркі өркениеті жаңа мағынаға ие болуда. Егер бұрын интеграцияның негізі ортақ тіл мен тарихи жады болса, бүгінде оны ғылым,



жоғары білім, цифрлық технологиялар және инновациялық экономика біріктіреді. Сондықтан түркі өркениетін тек өткеннің тарихи мұрасы ретінде ғана емес, сонымен қатар болашақтың интеллектуалды және технологиялық дамуының платформасы ретінде қарастыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, түркі өркениеті әлемдік өркениеттер жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар XXI ғасырда халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың, мәдени дипломатияның және тұрақты дамудың жаңа моделін жасайтын стратегиялық кеңістік.

Түркі ғылыми дәстүрінің ерекшелігі – әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін шығармашылықпен игеру және жаңа ғылыми синтездің қалыптасуы. Грек философиясын, үнді математикасын, парсы мәдениетін және араб ғылыми тәжірибесін біріктірген түрік ғалымдары әлемдік ғылымның дамуына жаңа серпін берді. Бұл процесс түрік өркениетінің ашық және интегративті сипатқа ие болғанын көрсетеді.

XXI ғасырдағы жаһандану процестері мемлекеттердің дамуын жаңа сапалық деңгейге

көтерді. Экономикалық және саяси ынтымақтастықпен қатар, ғылым, білім беру және инновация саласындағы өзара іс-қимыл халықаралық ұйымдар қызметінің негізгі бағыттарының біріне айналды. Осыған байланысты Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) қызметі түркі әлемінің ортақ тарихи мұрасын сақтауға, сондай-ақ ғылыми және интеллектуалдық кеңістік құруға бағытталған жаңа кезеңді білдіреді. Ұйымның институционалдық негізі 2009 жылы Нахчыван келісіміне сәйкес құрылды және бүгінде ол көпжақты халықаралық ұйымға айналды. Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан, Түрікменстан және бақылаушы мемлекеттер ұйымы шеңберіндегі

пломатияға ауысуымен маңызды. Бұл өз кезегінде түрік өркениетінің әлемдік ғылыми кеңістіктегі беделін арттырудың негізгі тетігіне айналады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістанда Түркі өркениеті орталығын құру бастамасы түркі интеграциясының жаңа кезеңін анықтайтын стратегиялық шешім болып табылады. Түркістан қаласында құрылып жатқан түркі өркениетінің орталығы бұл процестің жаңа кезеңінің бастауы болмақ. Бұл түркі әлемінің интеллектуалдық әлеуетін біріктіруге, халықаралық ғылыми зерттеулердің, цифрлық мұрағаттардың, академиялық мобильділіктің және ғылыми дипломатияның жетекші орталығына айналуға қызмет етеді. Қысқасы, XXI ғасырдағы түркі әлемінің өркендеуі тек тарихи мұраны дәріптеумен ғана емес, сонымен қатар ортақ интеллектуалдық кеңістікті құрумен, ғылым мен білімнің интеграциясымен және инновациялық әлеуетті тиімді пайдаланумен тікелей байланысты. Түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың келесі кезеңі мәдени байланыстардан ғылыми және инновациялық серіктестікке дейін дамыған кезде ғана түркі өркениеті жаһандық дамудың жаңа деңгейіне көтеріле алады. Бұл бағытта Жаңа Қазақстан Түркі әлемін өркендетудің XXI ғасырдағы негізгі драйверлерінің бірі болып, жаһандық байланыста әлемдік державалармен тең дәрежеде ынтымақтастық пен өзара байланыс орнатуда.

Қорыта айтар болсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сарабал саясаты елдің саяси-әлеуметтік жаңғыруын ғана емес, болашаққа бағытталған ұлттық дамудың жаңа бағдарын айқындап, халықтың бірлігі, әділетті қоғам, заң мен тәртіп үстемдігі, сапалы білім және бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру мақсатындағы «Әділетті Қазақстан» құру идеясымен сабақтасып, қоғамның интеллектуалдық және рухани жаңғыруына берік негіз қалыптастыруда.

Сонымен қатар, бүгінгі таңдағы Жаңа Қазақстанның көпекторлық даму бағыты мен Мемлекет басшысының көреген дипломатиялық саясаты ел ішіндегі жаңғырумен ғана шектелмей, түркі әлемінің ортақ болашағына да серпін береді. Жаңа Конституция – ел дамуының құқықтық іргетасы болса, Құрылтай – халықтың үні мен елдік ойдың тоғысар тұғыры. Бабалар аманаты мен бүгінгі стратегиялық міндеттерді сабақтастыра білу – келешекке бастар жол. Сондықтан түркі мемлекеттерінің ортақ күшін білім мен ғылымға, инновация мен адами капиталға бағыттау – уақыт талабы. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, бауырлас түркі елдерінің өзара тәжірибе алмасуы, ортақ білім беру және ғылыми кеңістікті қалыптастыруы Түркі әлемінің жаһандық өркениеттегі орнын нығайтып, келешек ұрпаққа кемел мүмкіндіктер ашуға негіз болмақ.

Л. ӘДІЛБЕКОВА,
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті қызметкерлері кәсіподағының төрағасы, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

ТОПЖАРҒАН

ӘЛЕМ КУБОГЫНДАҒЫ
ОЛЖА ҚОМАҚТЫ

Жамбыл облысындағы балалар мен жасөспірімдер спорты туралы сөз болғанда қазір №6 облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ең алдымен ауызға ілінеді. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Әйгілі боксшы Марат Кененбайұлы Мәзімбаев басшылық жасайтын бұл білім ордасында 2025–2026 оқу жылында 591 спортшы тұрақты түрде жаттығумен қамтылды. Онда – бокс (328), грек-рим күресі (88), таэквондо (57); кикбоксинг (50); дзюдо (40), қазақ күресі (28) сияқты 6 спорт түрі бойынша оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілуде.



«2025–2026 оқу жылында спортшыларымыз облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетті. Атап айтқанда:

Әлем кубогында – 3 алтын, 1 күміс (кикбоксинг); Азия чемпионатында – 1 күміс, 1 қола; (бокс), 2 алтын, 3 күміс,

1 қола (кикбоксинг), 1 қола (грек-рим күресі) иеленді. Ал Қазақстан Республикасының чемпионаттарында – 7 алтын, 7 күміс, 7 қола, халықаралық турнирлерде – 8 алтын, 4 күміс, 2 қола; Жамбыл облысының чемпионаттарында – 24 алтын, 20 күміс, 18 қола жүлде олжалады. Соның нәтижесінде биыл

спорт мектебінен 2 спортшы Қазақстан Республикасының спорт шебері нормативін орындаса, 51 спортшы спорт шеберлігіне үміткер атағын алды», – дейді Марат Мәзімбаев.

№6 облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі басшысының айтуынша, елімізде спортты дамытуға мемлекет тарапынан барлық жағдай қарастырылған. 2025 жылы бұл спорт мектебіне бюджеттен 248 млн 916 мың теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға 53 млн 741 мың теңге қаражат қарастырылды. Ал 2026 жылы 244 млн 987 мың теңге қаржы бөлініп, оның 32 млн 92 мың теңгесі оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға бағытталды. Сонымен қатар, 1 344 мың теңгеге спорт мектебінің бокс залына, киім ауыстыру бөлмелеріне, тренажер залына, әжетхана мен жуынатын бөлмелерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ғимараттың кіреберіс бөлігі, футбол алаңшасы мен орындықтары сырланып, мектептің сыртқы келбеті жаңартылды. Оқу жылы барысында оқу-жаттығу сабақтарының сапасын арттыру мақсатында әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Жаттықтырушылар арасында ашық сабақтар, семинарлар, әдістемелік кестер ұйымдастырылып, жас мамандарға тәжірибелік көмек көрсетілді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Sergek Group мамандары шомылу маусымының Ақтаудағы көлік қозғалысына әсерін талдады. Зерттеу 2025 жылғы тамыз бен 2026 жылғы шілде аралығындағы көлік ағындарының анонимдендірілген деректеріне негізделген. Талдау барысында мамандар көлік қозғалысының қарқындылығын, қозғалыс жылдамдығын, автокөліктердің қай өңірден келгенін және Ақтаудағы ең көп пайдаланылатын бағыттарды айқындады.

Көліктің көптігі туризмді дамытуға кедергі емес

Sergek ITS интеллектуалды көлік жүйесінің деректеріне сәйкес, жазда Ақтаудағы курорттық аймаққа баратын көлік саны қыспен салыстырғанда тәулігіне 1,2 мыңнан 6,3 мың автокөлікке дейін немесе бес есе ұлғаяды. Көлік қозғалысы жазда демалыс күндері айтарлықтай артады. Атап айтқанда бұл күндері курорттық аймаққа тәулігіне 12,2 мыңға дейін автокөлік қатынап, жүктеме жұмыс күндерімен салыстырғанда екі есеге жуық артады.

«Жаз мезгілінде Ақтау жолдарындағы әрбір оныншы автокөлік – өзге өңірден келген. Ең жоғары өсім көршілес батыс өңірлерінде байқалады. Атырау облысынан келетін көлік саны шамамен 70 пайызға, Ақтөбе облысынан – 44 пайызға, Батыс Қазақстан облысынан – 30 пайызға артқан. Сонымен қатар Ресей нөмірімен тіркелген көліктер саны 21 пайызға көбейді. Бұл Ақтаудың ең алдымен көршілес өңірлердің тұрғындары үшін жазғы демалыстың негізгі бағыттарының біріне айналғанын көрсетеді», – дейді Sergek Group компаниясының CEO-сы Евгений Ким.

Евгений Кимнің айтуынша, жаз – Ақтауда көлік қозғалысы ең қарқынды болатын кезең. Бұл уақытта қала жол-

дарына күн сайын шамамен 84 мың бірегей автокөлік шығады. Қыста бұл көрсеткіш 79 мың болса, қаңтар айында 77 мың көлікке дейін төмендейді. Жазда орта есеппен тәулігіне 231 мың көлік сапары тіркеледі, бұл қыс мезгілімен салыстырғанда 14 пайызға көп. Ал көліктердің тәулігіне жүріп өтетін жалпы қашықтығы 2,55 млн шақырымға жетіп, қысқы кезеңмен салыстырғанда шамамен 500 мың шақырымға артады.

Жазда кешкі көлік қозғалысының ең жоғары уақыты да өзгереді. Егер жылдың басқа мезгілдерінде қозғалыс ең қарқынды болатын уақыт 19:00 болса, жазда жағалау бағытына жол жүретіндердің көбеюіне байланысты бұл көрсеткіш 21:00-ге ығысады.

Зерттеу нәтижесіне сәйкес, көлік саны артқанымен, туристік маусым жол желісіне бірдей жүктеме түсірмейді. Негізгі өзгерістер курорттық аймаққа апаратын жолдарда байқалады. Ал қаланың негізгі магистральдарында қозғалыс қарқындылығы маусымдық өзгерістерге қарамастан шамамен 10 пайыз шегінде ғана өзгереді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»



500 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМ ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ АЛАДЫ

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, бір миллион екі жүз мыңнан астам адам тұрады. Оның 446 мыңы еңбөкке қабілетті тұрғын болса, 448 мыңы республикалық бюджеттен түрлі әлеуметтік төлем алады. Бұл еліміздегі халықты әлеуметтік қолдаудың жоғары деңгейін көрсететін көрсеткіштің бірі деуге болады.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Аслан Оразбековтың айтуынша, 146 799 адам жасына байланысты зейнетақы алады. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 4 949 азаматқа зейнетақы тағайындалды. Бұл былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 1,7 пайызға артық. Өсу кездейсоқ емес: бұл зейнетақыны рәсімдеуді қарапайым және қолжетімді ететін процесті цифрландырумен тікелей байланысты. Жалпы, аудандық бөлімдер

67 685 істі қарады, оның 36 263-і жаңа тағайындаулар, ал 29 693-і азаматтардың пайдасына бұрын қабылданған шешімдерді қайта қарау.

«Бүгінгі таңда өңірде мүгедектігі бар 45 918 адам тұрады, оның 7 мыңға жуығы балалар. Бұл барынша назар аударуды талап ететін азаматтардың ерекше санаты. Жарты жыл ішінде медициналық-әлеуметтік сараптама (МӨС) бөлімдерімен 6 843 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Біз осы осал бағытты цифрландыруда елеулі ілгерілеуді көріп отырмыз. Сырттай белсенді форматта көрсетілетін қызметтердің үлесі 2025 жылы 36,9 пайыздан 2026 жылы 46 пайызға дейін өсті. Бұл дегеніміз, қызмет алу үшін азаматтардың жартысына таауға мәжбүр болмады, жүйе артық стресс пен кедергілерді қоспағанда, автоматты түрде жұмыс істеді», – дейді департаментінің басшысы А.Оразбеков.

Биыл Жамбыл облысында мүгедектікке алғашқы шығу 1 374 адамда тір-



келді. Бұл көрсеткіш балалар арасында өсуі ерекше назар аудартады. Ол 351-ден 434-ке дейін ұлғайып отыр. Бұл жағдай негізінен психикалық аурулардың салдарымен және сараптаманы белсенді жүргізу арқылы анықтаудың жақсаруымен байланысты.

– Біз проблемаларды жасырмаймыз, бірақ уақытында көмектесуді бастау үшін оларды анықтаймыз. Мүгедектік себептерінің жалпы құрылымында облыстың барлық тұрғындары арасында қатерлі ісіктер (32%) мен қан айналымы жүйесінің аурулары (23,8%) көш бастап тұр. Бізден екі есе күш салуды талап ететін сәттер бар. Ішінара оңалту көрсеткіші 10,8 пайызға дейін, ал мүгедектік топтарының салмағының үлесі 6,7 пайызға дейін өсті. Ең негізгі себептері қан тамырларының аурулары: инсульт, инфаркт, сондай-ақ онкологияның агрессивті дамуы. Осыған қарамастан, мүгедектікке алғашқы шығудың облыстық көрсеткіші республикалық деңгейден төмен болып қалатынын және 10 мың тұрғынға

шаққанда 11,3 адамды құрайтынын атап өткім келеді, бұл жалпы профилактикалық және оңалту жұмыстарының тиімділігін көрсетеді, – дейді Аслан Ұланұлы.

Оның сөзіне қарағанда, департамент жұмысындағы ерекше басымдық – азаматтардың заңдылығы мен құқықтарын мүлтіксіз сақтау. Есепті кезеңде олар прокуратура органдарымен бірлесіп 11 тексеру жүргізді. 8 аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметінде анықталған бұзушылықтар бүгінгі күні толығымен жойылды. Атап айтқанда, Жуалы ауданында оларын араласуымен 1 топтағы мүгедек адам өзіне жүктелген кресло-арбаны алды, ол оны бұған дейін негізсіз ұзақ күткен. Ал Сарысу ауданында әлеуметтік қызметкердің қызметтерін заңсыз ұсыну тоқтатылды. Бұл бюджет қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етті және күтімге мұқтаж адамдарға қатысты әділдікті қалпына келтірді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

7. «DANUT (ДАНУТ)» ЖШС (БСН 160640024208) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру газетте жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 91-үй, 43-пәтер. Тел. 7 701 951 94 98.

8. «АМИНА-РУСЛАН» тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 221140035310) мүшелерінің жалпы жиналысының шешіміне (2026 жылғы 10 тамыздағы №6 Хаттама) сәйкес өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. «АМИНА-РУСЛАН» ТҮКК Таратушысы болып Руслан Байниязович Қуанбаев (ЖСН 870416301694) тағайындалды. Кредиторлардың талаптары мен шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28-шағынаудан, 55-ғимарат. 6. Тел. +7 778 964 79 70.

9. «НУРДАУЛЕТ-ФАРМ» ЖШС (БСН 240240024052) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Ащыбұлақ-2 шағынауданы, 576-үй, тел. 87025308088.

11. «TYRAN.KZ» ЖШС (БСН 220740013001) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Айнабұлақ көшесі, 83-үй, 103-пәтер. Тел. 8 705 715 2232.

12. «Ақжар МБ» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170440025082) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 160924, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Ақжар ауылдық округі, Ақжар ауылы, Д.Қонаев көшесі, №13А.

13. «Жамият ва маърифат» ЖШС (БСН 990440006423) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Далабазар көшесі, 6/41-үй.

15. «Кердері-Секьюрити» ЖШС (БСН 260140005742) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Урдинская көшесі, 1/3-үй, 12-үй.

17. «ВОСХОД» пәтер иелері кооперативі (БСН 961240001393) (Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 6-шағынаудан, 12-үй), өз еркімен таратылу туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. «ВОСХОД» ПИК-інің барлық кредиторларынан өз талаптарын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде жазбаша түрде мына мекенжай бойынша ұсынуды сұраймыз: Теміртау қаласы, 6-шағынаудан, №2-үй, 1/А. Тел. +77788279765.

18. «Сырдария ауданы Тереңөзек кенті әкімі аппаратының «Тереңөзек тазалығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 240140023259) тарату комиссиясы Сырдария ауданы әкімдігінің 05.08.2026 жылғы №183 «Сырдария ауданы Тереңөзек кенті әкімі аппаратының «Тереңөзек тазалығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін тарату туралы» қаулысы негізінде таратылатындығын хабарлайды. Кредиторлардан шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Сырдария ауданы, 120600, Тереңөзек кенті, Аманкелді Иманов көшесі, 82-үй. Тел. 8 724 362 14 61, e-mail: terenezek_kent@mail.ru.

20. Абай облысы білім басқармасының Бородулиха ауданы білім бөлімінің «Пролетарка орта мектебі» КММ (БСН 000440000995) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Абай облысы, Бородулиха ауданы, Новошұльба ауылдық округі, Ақши ауылы, Ақжол көшесі, 37-құрылыс.

МҰРАГЕРЛІК

6. 15.03.2026 ж. қайтыс болған Раш Бақытжан Құлманбетұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

16. 21.02.2026 ж. қайтыс болған Әбдіқадырұлы Мансұрханның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы

Тел.:

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zaninfo.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтопқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7121) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажимаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

2. Серозды менингит – ми қабықтарының ең ішкі қабатын (жұмсақ қабықты) зақымдайтын, сипаты жағынан серозды болып келетін жедел қабыну процесі. Ол вирустар, саңырауқұлақтар немесе бактериялар әсерінен туындауы мүмкін. Кейбір жағдайларда серозды менингит жұқпалы емес (асептикалық) сипатта болуы ықтимал. Серозды қабынудың ерекше белгісі – ми қабықтарының құрамында лейкоциттер өте аз мөлшерде болатын мөлдір серозды экссудат бөлуі. Іріңді менингиттен айырмашылығы, серозды менингит кезінде жасушалық элементтердің некрозы немесе іріңнің түзілуі байқалмайды; сол себепті ауру жеңіл өтеді және оның болжамы қолайлы болуы да ықтимал.

Серозды менингит негізінен 3 пен 6 жас аралығындағы балаларда кездеседі. Ересектерде ми қабықшаларының қабынуының бұл түрі өте сирек байқалады және көбінесе 20-30 жас аралығындағы жастарда кездесуі мүмкін.

Ол көбінесе энтеровирустар (Коксаки, ЕСНО) арқылы туындайды. Ауру жұқпалы болып табылады және тікелей қарым-қатынас, ауа-тамшы жолы, сондай-ақ су немесе жуылмаған қол арқылы беріледі; бұған 3 пен 6 жас аралығындағы балалар ең бейім келеді. Емдеу шаралары тек стационарлық жағдайда жүргізіледі.

Негізгі белгілері
Ауру жедел басталады:
- Дене қызуының қатты көтерілуі (39–40°C-қа дейін);
бөртпе, жөтел, ас қорытудың бұзылуы.
- Қатты, соқпалы бас ауруы;
- Жеңілдік әкелмейтін қайталанатын құсу;
- Арнайы белгілер: мойын бұлшықеттерінің сіресуі (иекті кеудеге тигізе алмау) және тізе буынында бүгілген аяқты түзете алмау;

Диагностика
Инфекционист немесе невролог дәрігер растайды.
Негізгі әдіс – жұлын сұйықтығын талдау үшін бел пункциясын (жұлын пункциясын) жасау; сонымен қатар ПТР-тестілеу, бактериологиялық және вирусологиялық зерттеулер, ЭЭГ және мидың МРТ-сын жасау қолданылады.

Не істеу керек және алдын алу шаралары
Кішкентай күдік туындаған кезде дереу жедел жәрдем шақырыңыз; кідіріс өте қауіпті.

Инфекция қаупін азайту үшін келесі қарапайым ережелерді орындаңыз:

- Тамақтанар алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолыңызды мұқият жуыңыз;
- Тек қайнатылған немесе бөтелкедегі су ішініз;
- Жемістер мен көкөністерді қайнаған сумен күйдіріп, мұқият жуыңыз;
- Тыйым салынған немесе тексерілмеген су айдындары мен бассейндерде шомылудан аулақ болыңыз, оның орнына арнайы жағажайлар мен бекітілген шомылу аймақтарын таңдаңыз. Атааналар балалардың суды жұтып қоюына жол бермеу үшін шомылу кезінде оларды бақылауы керек.
- Сонымен қатар жұқпалы клиникалық көріністері бар науқас адамдармен қарым-қатынастан аулақ болыңыз;
- Азық-түлікті шыбындар мен басқа да жәндіктерден қорғаңыз; Осы ережелерді сақтау сізді және жақындарыңызды аурудан қорғауға көмектеседі;
- Кез келген түрдегі менингиттің алдын алудың ең тиімді жолы – мықты иммунитет; оған дұрыс тамақтану, белсенді өмір салты және ағзаны шынықтыру арқылы қол жеткізуге болады.

Әуезов аудандық СЭББ басшы орынбасары
Жансентав М.Ш

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Шет ауданының №2 аудандық сотының судьясы Әсел Құдайбергенқызы Махимова әкесі

Құдайберген Мақымұлының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Балқаш қалалық сотының отставкадағы судьясы Ләзат Абзалбекқызы Сағымбековаға жұбайы **Бақыт Мәдіканұлының** дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

